



ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІГІ

Еуропа Одағы Өкілдігінің Басшысы, Елші Аурелия Бушездің «Өңірлік қауіпсіздік және Ауғанстандағы жағдай» конференциясында сөйлеген сөзі

Астана, 11 сәуір 2013

Төраға мырза, жоғары мәртебелілер, генералдар, ханымдар мен мырзалар,
ең алдымен шақырғандарыңыз үшін Сіздерге алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Кіріспе ретінде мен ЕО-ның Ауғанстан бойынша өзара әрекеттестігіне қатысты кейбір негізгі фактілермен және тәсілдермен бөліскім келеді.

Алдымен осы елдегі жағдай қаншалықты басым екенін көрсететін азғана сандар. ЕО – Ауғанстанға даму және ізгілік көмек саласында көмек көрсететін аса ірі донорлардың бірі. 2002-2012 жж. кезеңінде ЕО осы елге көмек көрсету аясында 382 миллион ізгілік көмекті қоса, 2,5 млрд. еуро бөлді.

2011-2013 жж. кезеңінде ЕО жыл сайын Ауғанстандағы даму бағдарламаларына шамамен 200 миллион еуро бөледі. Бұл бағдарламалар үш негізгі секторға: полицияны қоса, мемлекеттік басқаруға; ауыл шаруашылығы және ауылды жерлерді дамытуға; денсаулық сақтауға және әлеуметтік қорғауға шоғырланған. ЕО қазір әзірленіп жатқан жаңа қаржы болашақтары шеңберінде өз қолдауын жалғастыруға және көбейтуге тиіс.

Енді маған ЕО тәсілдері мен саяси стратегияларына тоқталуға мүмкіндік беріңіздер. Оларды қысқаша былай: ұзақ мерзімді және тұтас тәсіл; өңірлік өлшеуді белсенді қолдау деп сипаттауға болады.

ЕО Сыртқы істер кеңесінің нәтижелері жөніндегі қорытынды құжатта 2012 жылы 14 мамырда Ауғанстандағы қауіпсіздік пен ұзақ мерзімді даму арасындағы өзара байланысқа баса назар аударылды және ЕО мен оның мүше-мемлекеттерінің осы елге ауыспалы кезең барысында және өзгерістер онкүндігінде қолдау көрсетуге ұзақ мерзімді бейілділігі тағы бір рет айқындалды. Сонымен қатар, бұл бейілділік Ауғанстан билігі жағынан реформаларға қатысты өзіне қабылдаған міндеттерді орындау бойынша жауапты күш салуды талап ететіні атап айтылған.

ЕО Ауғанстанға елдегі өтпелі кезеңді қолдауда саясат, қауіпсіздік және даму саласындағы күштердің түйісу нүктелерінде өзара толықтыруды қамтамасыз етуші кешенді тәсіл арқылы қолдау көрсетеді. Ауғанстан экономикалық даму арқылы зор әлеуетке ие; экономика өсуде және ірі инвестицияларды жүзеге асыруда. Өтуден пайда айқын, бірақ олар егер мемлекеттік басқару қайраткерлеріне және ауғандық саяси қайраткерлердің бейілділігіне негізделмесе, осал және қайтарымды болады.

ЕО Ауғанстанмен Әріптестік және даму жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім жөніндегі он жылдық келіссөздің қорытынды сатысында. Бірақ, халықаралық

міндеттемелер, атап айтқанда 2011 жылы Токиода конференция барысында қорытылған ел міндеттемелерін орындау үшін салатын күшімен байланысты екені анық.

Сонымен қатар ЕО-ның мекемелерге құқық басымдығы жөнінде тренингтер ұсынуда көмек көрсету, сондай-ақ ЕUPOL мен қаржылық көмек арқылы ауғандық ұлттық полицияның кәсіби азаматтық полиция күшіне эволюция үдерісін қолдау шеңберінде 2014 жылдың жақындауына қарай ауған билігінің саяси және қауіпсіздік мәселелерінде озықтығын күшейту жұмысын атап өтуге маған мүмкіндік беріңіздер.

Өңірлік өлшеу – ұзақ табысты өтудің кілті. Ол екі бағытта жұмыс істейді. Ауғанстанға өңірлік ынтымақтастық және тұрақты бейбітшілік пен дамуға жету үшін қолдау қажет. Көршілерге де елде бейбіт және экономикалық өркендеген өту қажет. Ауғанстаннан шығатын тұрақсыз жағдай, терроризм, есірткі саудасы немесе тауарлар мен адам контрабандасы арқылы кеңірек өңірді қоса, барлық өңірдің ойыншыларын қозғау мүмкін. Сондықтан, Ауғанстандағы қауіпсіздік мәселесін өңірлік ойыншылардың қатысуынсыз қарауға болмайды.

Осыған байланысты сенімді тереңдетуге және ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ету үшін сенім құру шаралар сериясы арқылы Ауғанстанның және барлық өңірдің тұрақтылығын, тұтастығын және өркендеуін жылжытуға бағытталған «Азия жүрегі» үдерісінің оң рөлін атап өтуге маған рұқсат етіңіздер. Бұл барлық жақын көршілерін жинаған Ауғанстан басқаратын жалғыз үдеріс. ЕО Алматыда 25-26 сәуірдегі министрлік отырысына қатысуды тағатсыздана күтуде. Сондай-ақ біз Ауғанстанның даму ісіне Қазақстан тұрақты негізде енгізетін екі жақты оң үлесті бағалайтынымызды айтқым келеді.

Сондай-ақ ЕО мен Орталық Азияның қатынастары үшін негізгі бастапқы нүкте болып табылатын, 2012 жылы қайта қаралған ЕО-Орталық Азия стратегиясы шеңберіндегі өңірлік ынтымақтастыққа ЕО өз үлесін белсенді енгізуде. Біз Орталық Азия елдерінің біздің әріптестігіміздің одан әрі тереңдеуіне мүдделілігін, атап айтқанда бұл өңір көбейіп келе жатқан қарсы шығулармен қақтығысып қалуы мүмкін уақытта, құаттаймыз. Орталық Азия мен ЕО-ны қауіпсіз Ауғанстанды және жалпы өркендеп келе жатқан өңірді жылжыту ортақ мақсаты біріктіреді. Осы қарсы шығулармен бірлескен жұмыс жөніндегі біздің мүмкіндіктерімізді кеңейту үшін, биыл өңірлік саяси диалогтың бөлігі ретінде ЕО-Орталық Азия қауіпсіздік мәселелері бойынша жоғары деңгейде жүйелі диалог аясында кездесу өтеді.

Соңында мен Алматыда «Азия жүрегі» үдерісі шеңберіндегі Министрлік отырысына сөзсіз маңызды үлес қосатын бүгінгі маңызды конференция табысты өткенін тілеймін.